**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 1323 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 13-бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабының 3) тармақшасына және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 22-бабының 2 және 4-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жалпы көлемі 829 гектар жер учаскелері Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағындағы елді мекендерінің жері санатынан алынсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелері және осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жалпы ауданы 951 гектар босалқы жерлер Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – мекеме) тұрақты жер пайдалануға берілсін.

3. Осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген жер учаскелері және осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мекеменің тұрақты жер пайдалануындағы жалпы ауданы 179352 гектар жер учаскелері босалқы жерлер, елді мекендердің жерлері және орман қоры жерлері санатынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатына ауыстырылсын, ал осы аумақтағы ормандар «мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің ормандары» қорғаныштық санатына жатқызылсын.

4. Мекеменің тұрақты жер пайдалануындағы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағындағы жалпы ауданы 1780 гектар мемлекеттік орман қорының жерлері осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес «Солтүстік Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Орлиногор орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесіне берілсін.

5. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 1323 қаулысына 1-қосымша

## «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесіне Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданы аумағынан тұрақты жер пайдалануға берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

| Р/с № | Учаскелердің атауы мен жер санаттары | Барлық жерлер, гектар | оның ішінде: | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жайылымдар | су астында | батпақтар | жолдар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | «Ботай» учаскесі: | 163 | 161 | 1 | - | 1 |
| | оның ішінде: | | | | | |
| | босалқы жерлер ( Қазан ауылдық округі) | 163 | 161 | 1 | - | 1 |
| 2 | Ақбас көлі: | 937 | 197 | 680 | 60 | - |
| | оның ішінде: | | | | | |
| | босалқы жерлер ( Сырымбет ауылдық округі); | 451 | 197 | 194 | 60 | - |
| | елді мекендер жерлері (Сырымбет ауылы) | 486 | - | 486 | - | - |
| 3 | Құмдыкөл көлі: | 680 | - | 680 | - | - |
| | оның ішінде: | | | | | |
| | босалқы жерлер ( Елецк ауылдық округі); | 337 | - | 337 | - | - |
| | елді мекендер жерлері (Сырымбет ауылы) | 343 | - | 343 | - | - |
| | Жиыны: | 1780 | 358 | 1361 | 60 | 1 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 1323 қаулысына
2-қосымша

**«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлерінің санатынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатына ауыстырылатын жерлерінің экспликациясы**

| Жерлер санаты | Ауданы, га |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Айыртау ауданы: | 131787 |
| орман қоры жерлері, | 131787 |
| оның ішінде: | |
| Арықбалық филиалы; | 52735 |
| Айыртау филиалы; | 43510 |
| Шалқар филиалы | 35542 |
| Зеренді ауданы: | 47565 |
| орман қоры жерлері, | 47565 |
| оның ішінде: | |
| Зеренді филиалы | 36625 |
| «Орманды бұлақ» филиалы | 10940 |
| Жиыны: | 179352 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 1323 қаулысына
3-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағынан «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесінің жер пайдалануынан «Солтүстік Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғат**

**пайдалануды реттеу басқармасының «Орлиногор орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалануға берілетін жер учаскелерінің экспликациясы**

| Жерлер санаты | Ауданы, га |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Айыртау ауданы: | |
| орман қорының жері («Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесі), | 780 |
| оның ішінде: | |
| Ш. Уәлиханов атындағы орманшылық: | |
| 139-орам; | 75 |
| 145-орам; | 68 |
| 146-орам; | 115 |
| 15-орам; | 23 |
| 153-орам; | 63 |
| 154-орам; | 72 |
| 155-орам; | 70 |
| 156-орам; | 165 |
| 157-орам; | 62 |
| 158-орам; | 121 |
| 159-орам; | 109 |
| 160-орам; | 115 |
| 161-орам; | 83 |
| 166-орам; | 159 |
| 167-орам; | 107 |
| 168-орам; | 197 |
| 169-орам. | 176 |
| Барлығы: | 1780 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК